

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 1000 қаулысы.

Р Қ А О - ның ескертпесі!

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.**

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендей басқару комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарына бірігу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар қайта аталын.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

2-тармақта:

2) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті."

;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің миссиясы:

бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті, респубикалық бюджеттің және өз құзыretі шегінде жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бюджеттік есеп пен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында, мемлекеттік сатып алу саласында, респубикалық мүлікті басқару аясында басшылық ету және салааралық үйлестіру, оналту және банкроттық (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу саласында, сондай-ақ салық және кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысу, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тексеру бойынша мемлекеттік реттеу.;";

15-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті, мемлекеттік қаржы статистикасын жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі өкілеттіктері шегінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мұдделерін қамтамасыз ету;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, бюджеттік кредит беру, республикалық мұлікті басқару, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, ішкі қаржылық бақылауды жүзеге асыру, оналту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік реттеу;";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіру;";

мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тексеру;

12) заңнамада көзделген шекте экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тексеру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу.";

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік жоспарлау, экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша, бюджетті атқару, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, қаржылық және бюджеттік есептілік, аудиторлық қызмет, мемлекеттің қаржы активтерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында шоғырландырылатын материалдық емес активтерді

қоспағанда, өзге мүлікті жинақтау саласында, республикалық мүлікті басқару, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ оңалту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеу;";

59) тармақша алып тасталсын;

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73) әкімшілерді есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету, сондай-ақ әкімшінің біліктілігін арттыру тәртібін айқындау;" ;

мынадай мазмұндағы 74), 75), 76), 77), 78), 79), 80), 81), 82), 83), 84), 85), 86), 87), 88), 89), 90), 91), 92), 93), 94), 95), 96), 97), 98), 99), 100), 101), 102), 103), 104), 105), 106), 107), 108), 109), 110), 111), 112), 113) және 114) тармақшалармен толықтырылсын:

"74) біліктілік емтиханын өткізу тәртібін белгілеу;

75) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін қатынастарда уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың электрондық тәсілмен қатысу тәртібін белгілеу;

76) оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы уақытша әкімші қорытындысының үлгі нысандарын бекіту;

77) борышкердің қаржылық жағдайы туралы уақытша басқарушы қорытындысының үлгі нысандарын бекіту;

78) оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысандарын бекіту;

79) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын (стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын) келісу;

80) бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылық және салааралық үйлестіру;

81) бюджет заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

82) тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет, бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы зандар жобаларын әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыну;

83) бюджеттік қаржыландыру көлемімен қамтамасыз етілу бөлігінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын келісуді жүзеге асыру;

84) бюджеттік жоспарлау жүйесінің жұмыс істеуін әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

85) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын, оның жасалу тәртібін, бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымын әзірлеу және бекіту;

86) бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

87) Республикалық бюджет комиссиясының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

88) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерді қарауы және олар бойынша қорытындылар дайындау;

89) стратегиялық жоспарлар жобаларының немесе стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобаларының құрамында республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін олардың стратегиялық мақсаттармен, стратегиялық бағыттар міндеттерімен өзара байланысы түрғысынан қарау;

90) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалардың жобаларында ұсынылған нәтижелілік пен тиімділік көрсеткіштерін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің функцияларына, өкілеттіліктеріне, бағыттарына сәйкестігі түрғысынан қарау;

91) Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулыларының жобаларын әзірлеу;

92) төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу;

93) республикалық бюджетті нақтылау (түзету) және секвестрлеу бойынша ұсыныстар енгізу;

94) бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бюджет түсімдерін бөлу кестесін әзірлеу және бекіту;

95) нормативтік құқықтық актілер жобаларын келісу және Министрліктің құзыреті шегінде олар бойынша қорытынды ұсыну;

96) бюджеттік инвестициялық жобаларды әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемелердің, концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасының, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеудің қажетті сараптамаларын жүргізуге қорытындылар қалыптастыру;

97) Республикалық бюджет комиссиясының қарауына бюджеттен концессиялық жобаны қоса қаржыландыру бойынша ұсыныстар енгізу;

98) қоса қаржыландыру шарттарында концессиялық жобаларды бюджет жобасына іріктеу;

99) Желі, штаттар, контингенттер туралы мәліметтерді жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

100) құзыretі шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

101) құзыretі шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

102) Министрліктің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

103) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеу және бекіту;

104) құзыretі шегінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және бекіту;

105) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда мемлекеттік мекемелердің шоттарын жабу және ашу, жүргізу және жабу тәртібін бекіту;

106) бюджеттік атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді тіркеу және есепке алу тәртібін бекіту;

107) бюджеттен субсидиялар төлеу тәртібін бекіту;

108) нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін бекіту;

109) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің стратегиялық жоспарын бекіту

;

110) кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу тәртібін бекіту;

111) бухгалтерлік есепке алуды жүргізу тәртібін бекіту;

112) бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту;

113) электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын бекіту;

114) тіркелген активтердің келіп түсуі және шығуы кезінде құнын айқындау тәртібін бекіту,";

ведомстволардың функцияларында:

мынадай мазмұндағы 70-1), 70-2), 70-3), 70-4), 70-5), 70-6), 70-7), 70-8), 70-9), 70-10), 70-11), 70-12), 70-13), 70-14), 70-15), 70-16), 70-17), 70-18), 70-19), 70-20), 70-21), 70-22), 70-23), 70-24), 70-25), 70-26), 70-27), 70-28), 98-3), 98-4), 98-5), 98-6), 98-7), 98-8), 98-9), 98-10), 98-11) және 98-12) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-1) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тексеру;

70-2) экономикалық және қаржылық қылмыстарға және құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру;

70-3) өз құзыretінің мәселелері бойынша жалпы республикалық, өнірлік жедел-іздестіру және профилактикалық іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асыру және

жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды пайдалану жөнінде оңтайлы шешімдер тұжырымдау, мемлекеттік кірістер аумақтық органдарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету, он жұмыс тәжірибесін жинақтау мен тарату;

70-4) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру, анықтау және алдын ала тергеу, мемлекеттік кірістер органдарының жедел-іздестіру, әкімшілік, тергеу қызметі мен анықтау практикасына талдау жасау, республикадағы жедел жағдайға болжам жасау, мемлекеттік кірістер органдарының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет ету шараларын қабылдау;

70-5) мемлекеттік кірістер органдарының қарамағына жатқызылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды, сottың қаулысы бойынша мемлекет мұддесіне орай қойылған талап-арыздар бойынша жауапкерлердің жүрген жері белгісіз болған кезде оларды іздестіруді жүзеге асыру;

70-6) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы құрес мәселелері бойынша халықаралық ұйымдар қызметінде шетелдік мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасасу және өз құзыреті шегінде қатысу;

70-7) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

70-8) кеден өкілінің кеден органдарына, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, есептілік ұсыну тәртібін бекіту;

70-9) кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларды есепке алуды жүргізу тәртібін бекіту және кеден органдарына осындай тауарларды, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тасымалдау туралы есептілік ұсыну;

70-10) сакталатын тауарларды есепке алуды жүргізу тәртібін бекіту және кеден органдарына олар туралы есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ұсыну;

70-11) кеден қоймасында сакталатын тауарларды есепке алу тәртібін бекіту және кеден органдарына осындай тауарлар туралы есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ұсыну;

70-12) кеден органдарының еркін қоймалардың иелерімен өзара қарым-қатынас тәртіпперін бекіту;

70-13) кеден органдарының арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен өзара қарым-қатынас тәртіпперін бекіту;

70-14) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Кодексімен және Кеден одағының Кеден кодексімен реттелмеген бюджеттен артық (қате) төленген кеден баждарының, салықтардың, өсімпүлдардың немесе артық өндіріліп алғынған сомаларын бюджетке аудару, қайтару қағидаларын бекіту;

70-15) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Кодексімен реттелмеген бөлігінде бюджетке кеден баждарының, салықтардың, кеден салымдарының және

өсімпұлдардың түсімдерін есепке алу тәртібін, сондай-ақ төлеушінің жеке шоттарын жүргізуді бекіту;

70-16) кеден баждарын, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді кеден органдарында есепке алу тәртібін бекіту;

70-17) әкелінетін кеден баждарының артық (қате) төленген немесе артығымен өндіріліп алынған сомаларын, салық және кеден салымдарын, аванстық төлемдер сомаларын, кеден баждарын төлеуді қамтамасыз ету сомаларын, салықтарды қайтару (есептеу) тәртібін бекіту;

70-18) әкетілетін кеден баждарының артық (қате) төленген немесе артығымен өндіріліп алынған сомаларын қайтару (есептеу) тәртібін бекіту;

70-19) кедендік бақылаудың техникалық құралдарының тізбесін және оларды қолдану тәртібін бекіту;

70-20) кедендік бақылау мақсаты үшін кеден органдарының су және әуе кемелерін пайдалану тәртібін бекіту;

70-21) кедендік бақылауда тұрған тауарларды есепке алу тәртібі мен нысанын бекіту;

70-22) Қазақстан Республикасының кеден органдарында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тәртібін бекіту;

70-23) ұсталған тауарларды сақтау бойынша шығыстардың орнын толтыру тәртібін бекіту;

70-24) тауарларды іске асыру, жою немесе өзге де пайдалану тәртібін бекіту;

70-25) кедендік сүйемелдеу тәртібін бекіту;

70-26) тауарлардың сынамалары мен ұлгілерін кеден органдары лауазымды адамдарының іріктеуі тәртібін бекіту;

70-27) кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларды кедендік тазарту жасауы тәртібін бекіту;

70-28) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату тәртібін бекіту;";

"98-3) электрондық түрде жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымы тәртібін белгілеу;

98-4) көрме-жәрменқелік сауда бойынша қосылған құн салығының төленуін бақылау тәртібін айқындау;

98-5) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп етуі және рұқсат беру құжаттарын беру тәртібін белгілеу;

98-6) алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын акциздеу маркаларымен таңбалау тәртібін белгілеу;

98-7) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын бекіту;

98-8) акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау және беру қағидаларын бекіту;

98-9) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне ілеспе жүккүжаттарын ресімдеу, тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және ұсыну қағидаларын бекіту;

98-10) акциздеу бекетінің қызметін ұйымдастыру тәртібін бекіту;

98-11) салықтық есептілік нысандары мен оларды жасау қағидаларын бекіту;

98-12) тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтінішті алу туралы хабарламаның нысанын бекіту;";

118) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"118) мына:

бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтардың анықталған сомасын бюджетке өтеуді қамтамасыз ету мақсатында;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуышылары деп тану туралы;

міндеттемелер толық көлемде және тиісінше түрде орындалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберу";

131) және 132) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"131) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдарды тіркеу және оларды тіркеуден шығару;

132) кредиторлар жиналышы ұсынған кандидатураны оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы етіп тағайындау";

133) және 134) тармақшалар алып тасталсын;

135), 136) және 137) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"135) интернет-ресурста кредиторлар талаптарының тізілімін орналастыру;

136) табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық маңызы бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық обьектілерге жатқызылған, сондай-ақ өздері үшін осыған ұқсас тәртіп "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдар мүліктік массаны өткізуіндің ерекше шарттары мен тәртібін және мүліктік масса обьектілерін сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарды белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

137) оңалтуды басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді жинау мен банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, банкроттықты

басқаруышының банкроттық рәсімінің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпаратын қарау;";

138), 139), 140), 141) және 142) тармақшалар алып тасталсын;

143) және 144) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"143) борышкерді банкрот деп тану туралы және банкроттық рәсімін жүзеге асыру мүмкін болатын мұліктің (активтердің) жоқ екендігі туралы өтініште көрсетілген мекенжай бойынша борышкердің жоқ екендігі туралы уақытша басқаруышының қорытындысын ескере отырып, банкроттық рәсімін қозғамай, жоқ борышкерді банкрот деп тануды және оны таратуды келісу;

144) сот шешімі бойынша:

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 56-бабының 4 -тармағында көзделген жағдайда кредиторлардың алғашқы жиналысын;

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 118-бабында белгіленген тәртіппен банкроттық рәсімін қозғамай, банкротты таратуды жүргізу;";

145) және 146) тармақшалар алып тасталсын;

147) және 149) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"147) борышкердің мұлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукцион жүргізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;";

"149) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-тармағына сәйкес мән-жайларда жасалған мәмілелерді анықтау жөнінде шаралар қабылдау;";

150) тармақша алып тасталсын;

151) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"151) оңалту рәсімінің және банкроттық рәсімінің өткізілуін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

153) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 153-1), 153-2), 153-3), 153-4), 153-5), 153-6), 153-7), 153-8), 153-9), 153-10), 153-11), 153-12) және 153-13) тармақшалармен толықтырылсын:

"153-1) санация қатысушысынан растайтын құжаттарды сұратуды жүзеге асыру;

153-2) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда уақытша басқаруышының банкрот мұлкін сатуын келісу;

153-3) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың әрекетіне шағымдарды қарау;

153-4) мемлекеттік органдардан, заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпаратты сұратуды және алуды жүзеге асыру;

153-5) банкрот деп тану туралы заңды қүшіне енген сот шешімі бар адамның банктік шоттарының болуы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның

қалдығы мен айналымы туралы ақпаратты уақытша және банкроттықты басқарушыларға ұсыну;

153-6) "Оналту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушылықтар анықталған жағдайда, уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың шешімдері мен әрекетіне (әрекетсіздігіне) сotta дау айту;

153-7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

153-8) өз құзыretі шегінде оналту және банкроттық рәсімдерін енгізу, жүргізу және тоқтату жөнінде түсініктемелер мен түсіндірuler беру;

153-9) өздеріне қатысты банкрот деп тану туралы сот шешімдері заңды қүшіне енген банкроттар тізімін үәкілетті органның интернет-ресурсында жариялау;

153-10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды электрондық тәсілмен жүзеге асыру;

153-11) "Оналту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес интернет-ресурсқа:

кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарламаны;

банкроттық және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы істі қозғау туралы хабарландыруды;

борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы хабарландыруды;

оналту рәсімін қолдану және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды орналастыру;

153-12) сотқа уақытша басқарушыны, уақытша әкімшіні тіркеуден алып тастау туралы, сондай-ақ кредиторлар жиналысына оңалтуды не банкроттықты басқарушыны тіркеуден алып тастау туралы хабарламалар жіберу;

153-13) оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды шеттету;";

мынадай мазмұндағы 209-1) тармақшамен толықтырылсын:

"209-1) республикалық меншікке айналған (түскен) мүлікті есепке алу, сактау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру;"

210, 211), 212), 213), 214), 215), 216), 218), 219), 220), 221), 222), 223), 224), 225), 226) және 227) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"210) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

211) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау, қызметтің осы бағытында мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

212) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай ақпараттық жүйе құру және республикалық дереккор жүргізу;

213) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл және ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

214) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты жинауды және өндөуді жүзеге асыру;

215) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы алынған ақпаратты талдауды жүзеге асыру;

216) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;";

"218) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттарды құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың сұратулары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беру;

219) ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операция туралы мәліметтер мен ақпараттарды, осындағы операция қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты деп пайымдауға негіздер болған кезде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жіберу;

220) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

221) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында республикалық дереккор қалыптастыруды және жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ ақпараттық жүйелердің әдіснамалық бірлігін және келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

222) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және өткізу;

223) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан алынатын ақпараттың негізінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді

зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын қорытындылау, сондай-ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар өзірлеу және енгізу;

224) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесі мен практикасын зерделеу;

225) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша іс-шаралар өткізу;

226) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ұйымдардың, бірлестіктердің және өзге де жұмыс топтарының қызметіне белгіленген тәртіппен қатысу;

227) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаты үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін айқындау;";

мынадай мазмұндағы 229-1), 229-2), 229-3) және 229-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"229-1) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілеріне жеткізу;

229-2) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 1-тармағы 12) тармақшасында көзделген қаржы мониторингінің қаржы субъектілерін қоспағанда, Ақшаны жылыштатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын өзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті түрде орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесін жасау және оны қаржы мониторингі субъектілеріне жеткізетін тиісті мемлекеттік органдарға жіберу;

229-3) Ақшаны жылыштатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын өзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті түрде орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесін "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілеріне жеткізу;

229-4) қаржы мониторингі, сыртқы барлау уәкілетті органына жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсыну тәртібін сыртқы барлау уәкілетті органымен және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп анықтау;";

230) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"230) күдікті операцияны тоқтата тұру туралы не күдікті операцияны тоқтата тұру қажеттігінің жоқтығы туралы шешім қабылдау және күдікті операция туралы хабарламаны берген қаржы мониторингі субъектісі мен мемлекеттік органға электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште жеткізу;";

мынадай мазмұндағы 230-1) және 230-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"230-1) олар терроризмді қаржыландыруға бағытталады деп пайымдауға негіздер бар операциялардың қатысуышылары болып табылатын тұлғалардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау және оны "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілеріне жеткізу;

230-2) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын, олар терроризмді қаржыландыруға бағытталады деп пайымдауға негіздер бар күдікті операцияларды тоқтата тұру қажеттігі туралы шешімдер берген құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарды банктік шоттар бойынша шығыс операцияларының уақытша тоқтатылғаны туралы хабардар ету;";

231), 232) және 233) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"231) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың тиісті шешімі алынған сәттен бастап үш сағат ішінде оны қаржы мониторингі субъектісіне жеткізу;

232) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу және тексеру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес көрсетілген кірістерді тәркілеу саласында шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен ынтымақтастық жасау;

233) шет мемлекеттің құзыретті органдының сұратуы бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ақпарат беру;";

235-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"235-2) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабына сәйкес:

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге тапсырыс беруші ұсынған, электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын тапсырманы қарау;

конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы тапсырыс беруші ұсынған тапсырма негізінде әзірлеу және бекіту;

тапсырыс берушінің өкілі кіретін конкурстық не аукциондық комиссияның құрамын белгілеу және бекіту;

конкурстық немесе аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастыру;

тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы және (немесе) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың техникалық ерекшелігін алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген тұлғалар тарапынан ұсыныстар мен ескертулерді жіберу;

конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу жеңімпазын анықтау;";

мынадай мазмұндағы 235-4), 235-5), 235-6), 235-7) және 235-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"235-4) мемлекеттік сатып алу саласындағы тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындау;

235-5) ведомствоның құзыretі шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және ведомствоның құзыretі шегінде орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

235-6) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозгайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыretіне кіретін мәселелер бойынша және министрліктердің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыretі болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

235-7) құзыretі шегінде жеке және занды тұлғалардың қызметін бақылауды және қағадалауды жүзеге асыру;

235-8) ведомствоның өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;";

17-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 4-тармағында белгіленген бір немесе бірнеше критерийлерге сай келетін күдікті операция белгілері анықталған жағдайда, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды күнтізбелік үш күнге дейінгі мерзімге тоқтата түру туралы шешім шығару;";

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты мәліметтер мен ақпарат алмасу және оларды

беру бойынша өзара іс-қимыл тәртібін құқық қорғау органдарымен және арнаулы мемлекеттік органдармен бірлесіп айқындау;";

мынадай мазмұндағы 17-3), 17-4), 17-5), 17-6), 17-7), 17-8), 17-9), 17-10) және 17-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-3) оңалтуды басқарушының кандидатурасын тағайындаудан уәжді бас тартуды не оңалтуды басқарушыны тіркеуден алып тастау туралы хабарламаны кредиторлар жиналышына жіберу;

17-4) өндірісте бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, статистикалық деректер материалдарына және өзге мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ олардың берілуін үйым басшыларынан және басқа лауазымды адамдарынан, жеке тұлғалардан талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсіндірүлөр алу;

17-5) өндірісте бар қылмыстық істер бойынша шақыру бойынша келуден жалтарған адамдарды мәжбүрлеп келтіру;

17-6) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою немесе алуды жүзеге асыру;

17-7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

17-8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау және істерді қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа шараларды қолдану;

17-9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан тексерулер, салықтық және басқа тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап ету;

17-10) жеке және занды тұлғаларға қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтарды жасауга ықпал еткен себептер мен шарттарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқаулықтар, ұсынымдар беру;

17-11) мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені құру және пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеу және анықтау барысында зерттеулер үйымдастыру.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы үйымдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. "Электрондық коммерция орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындаитын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы:

1) 2014 жылғы 17 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтың жиырма сегізінші, отызынышы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, бір жұз он үшінші, бір жұз он төртінші, бір жұз он тоғызынышы, бір жұз жиырма сегізінші, бір жұз жиырма тоғызынышы, бір жұз отыз екінші, бір жұз отыз бесінші, бір жұз отыз алтыншы, бір жұз отыз жетінші бір жұз отыз сегізінші, бір жұз отыз тоғызынышы, бір жұз қырқынышы, бір жұз қырық бірінші, бір жұз қырық екінші, бір жұз қырық үшінші, бір жұз қырық төртінші, бір жұз қырық бесінші, бір жұз қырық алтыншы, бір жұз қырық жетінші, бір жұз қырық сегізінші, бір жұз қырық тоғызынышы, бір жұз елуінші және бір жұз елу бірінші абзацтарын;

2) 2014 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтың бір жұз жетпіс үшінші, бір жұз жетпіс төртінші, бір жұз жетпіс бесінші және бір жұз жетпіс алтыншы абзацтарын;

3) Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне берілген экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тексеру жөніндегі функциялар мен өкілдептер мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтың тоғызынышы, жиырмасынышы, жиырма бірінші, жиырма бесінші, жетпіс үшінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы, жетпіс жетінші, жетпіс сегізінші, жетпіс тоғызынышы, екі жүзінші, екі жұз бірінші, екі жұз екінші, екі жұз үшінші, екі жұз төртінші, екі жұз бесінші, екі жұз алтыншы және екі жұз жетінші абзацтарын;

4) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілдептердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген сәттен бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтың елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, елу тоғызынышы, алпысынышы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызынышы, жетпісінші, сексенінші, сексен бірінші, сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызынышы, тоқсанынышы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші, тоқсан алтыншы, тоқсан жетінші, тоқсан сегізінші, тоқсан тоғызынышы, бір жүзінші, бір жұз бірінші, бір жұз екінші, бір жұз үшінші, бір жұз төртінші, бір жұз бесінші, бір жұз алтыншы, бір жұз жетінші, бір жұз сегізінші, бір жұз тоғызынышы, бір жұз оныншы, бір жұз сексен сегізінші, бір жұз сексен тоғызынышы, бір жұз тоқсанынышы, бір жұз тоқсан бірінші және бір жұз тоқсан екінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ 1000 қаулысына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарына бірігу жолымен қайта үйімдастырылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдарының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаменті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Көкшетау қаласы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Көкшетау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Степногорск қаласы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Степногорск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Ақкөл ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ақкөл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Астрахан ауданы бойынша Салық басқармасы





Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Еңбекшілдер ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

21. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің "Бурабай" Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің "Бурабай" мемлекеттік кірістер басқармасына.

22. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Салық департаменті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне.

23. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Салық департаментінің Ақтөбе қаласы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ақтөбе қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

24. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Салық департаментінің Алға ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Алға ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Салық департаментінің Байғанин ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байғанин ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

26. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Салық департаментінің Әйтеке би ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Әйтеке би ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

27. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Салық департаментінің Ырғыз ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ырғыз ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.























































Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

231. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

232. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің Есіл ауданы бойынша Салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына.

233. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің "Астана - жаңа қала" салық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің "Астана - жаңа қала" мемлекеттік кірістер басқармасына.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ 1000 қаулысына  
2-қосымша

## **Қайта аталатын мемлекеттік занды тұлғалардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің "Достық" кедені Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің "Достық" кеденіне.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаментінің "Қорғас" кедені Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің "Қорғас" кеденіне.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша Кедендік бақылау департаментінің "Қордай" кедені Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің "Қордай" кеденіне.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің "Кинологиялық орталығы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің "Кинологиялық орталығына".

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің "Орталық кеден зертханасы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің "Орталық кеден зертханасына".

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Оқу-әдістемелік орталығына.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК